

Шет ауданы Өспен ауылындағы көшені қайта атау туралы

Қарағанды облысы Шет ауданы Өспен ауылдық округінің әкімінің 2018 жылғы 26 қазандағы № 2ө шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 13 қарашада № 5004 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңына және 2018 жылғы 09 тамыздағы Қарағанды облысы әкімдігі жанындағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, сондай-ақ ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып, Өспен ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Шет ауданы Өспен ауылындағы Центральная көшесі Сәкен Сейфуллин көшесі деп қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Ж. Аманжолов